

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік Университеті
Педагогика факультеті
Педагогика және психология кафедрасы

Ғылыми жоба
Тақырыбы:
« Гиперактивті оқушылармен түзету жұмыстары »

Дайындаған: 06303 топ студенті Борамбаева Г.Т
Ғылыми жетекші: аға-оқытушы, магистр Кулдашева Н.У

Орал 2017

Мазмұны

Кіріспе.....3

I. Негізгі бөлім

1.1 Гиперактивті оқушылардың жалпы болмысы туу себептері.....4-6.

1.2 Гиперактивті оқушылармен тәрбие жұмыстары.....6-8

II. Тәжірибелік

2.1 Гиперактивті балаларға психологиялық көмек беру.....8-16

Қорытынды.....16

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....17

Жоба тақырыбы: Гиперактивті оқушылармен түзету жұмыстары

Зерттеу пәні: педагогика-психология

Бағыты: зерттеушілік, әлеуметтік

Мәселесі: Гипербелсенді балалардың өз сыныптастарымен қатынасында да бәрі ойдағыдай емес. Көбіне олар барынша ызақор және озбыр, демек оларға ұжымның толық құқықты мүшесі болу мейлінше қиын. Өздеріндегі шектен тыс озбырлығына байланысты мұндай балаларда айналасындағылармен, оның ішінде өз сыныптастарымен дау-жанжал жиі туындайды, бұл баланы сыныпта жалғыз және аластатылған күйде қалдырады.

Жобаның мақсаты: зерттеу барысында гиперактивті балаларға диагностика жүргізіп, қалыпты көңіл-күйді қалыптастыруға жағдай жасау.

Жобаның міндеттері:

- Гиперактивті балалардың шектен тыс белсенділігінің туу себебін айқындау
- Әдістеме, тренингтер жүргізу арқылы белсенділік деңгейін төмендетіп, қатарластарымен топта жұмыс жасауға бейімдеу.

Зерттеу нысаны: Шоқтыбай ауылындағы Жаңатұрмыс негігі мектебі

Ғылыми жобаның болжамы:

Егер гиперактивті оқушыларды зерттеп, басты назарға алсақ белсенділік деңгейі төмендейді. Қалыпты балалар қатарына қосылып, педагогтардың жұмыс жасауына да оң ықпалын тигізеді. Оқушыда зейінін басқа заттарға емес, сабаққа назар аударады.

Зерттеу жұмысында қолданылатын әдіс-тәсілдер:

1. Тренинг

2. Релаксация

3. Лаврентьева Г. П. мен Титаренко Т. М "Баланың мазасыздану деңгейін анықтау"

4. Ертегі терапиясы

1.1 Гиперактивті оқушылардың жалпы болмысы туу себептері

Қазақ ой-түйсігі өзгешелеу, балақтан басы шықпай жатып баспын деген бүлдіршін көрсе «ақырзаманның баласы» дейді, мұны ғылыми негізбен сараласақ «индиго балалары» деп түсіндіре аламыз. Ал, гипербелсенді бала терминінің танымал болғанына да көп уақыт өткен жоқ. Бұл жәйтке психолог мамандар «СДВГ» (Синдром дефицита внимания и гиперактивности) деген атау қойды. Индиго бала дүйім халықтың ортасынан шыққан дара болса, гипербелсенді бала әр шаңырақтан табылып қалады. Гипербелсенді баланың жалпы болмысын Б.Соқпақбаевтың кейіпкері, әйгілі Қожамен салыстыра бағаласақ жетіп жатыр. Бұзық, қыңыр-қырсық, ата-анасын өзгелерден (бауырларынан да) қызғанады. Ақылды да, алғыр, тәп-тәуір жағын жоғарыдағыдай кері мінездері жоққа шығарып отырады. Гипербелсенді балаға төмендегідей мінез-құлық тән: - ұйқысы тұрақсыз, түннің бір уағында да оянып, ойынын жалғастыра береді; - энергиясының көптігінен бір орында байыз таппай, секіріп, жүгіріп, ұйқыға кеткенше дамылдауды білмейді; - әлденеге қызығушылығы жылдам өзгеріп, барлығын білмекке ұмтылады; - тез сөйлейді; - өзгенің мазасын жиі алуына байланысты қатарластарымен достаса алмайды; - тек өзінің қалауымен жүреді; - өзінің үлкен бауырларымен жағаласып, кішілерін жылатады; - жүгенсіздігін айтып балабақшада тәрбиешесі, мектепте ұстазы шағым жасайды.

- Бұл жағдай көбіне көп баланың артынан ілешала екінші сәби туылған уақытта орын алады, бауырынан ата-анасын қызғану белгісі оның мінезіне әсер етеді. Сондай-ақ, гипербелсенді синдромына шалдыққан балалардың 90 пайызға жуығы кесар тілігі отасы арқылы өмірге келгендер. Сонымен қатар, туысынан сабырлы баладан аяқ асты гипербелсенді синдромы ұшырасуы мүмкін, мұны психологтар отбасында болған жағымсыз жәйттің нәтижесі деп те түсіндіреді. Дәрігерлер гипербелсенді баланы сабырлы тұрғыда тәрбиелеу үшін түрлі үйірмелерге қатыстырған жөн деген пікірде. Сурет салу өнері мен мүсін жасату, спорттық жаттығуларға ден салу олардың бойындағы орасан зор күш-қуатты шығарып тұруға көмектеседі.

- Оның бойындағы мол күш-қуат қоры 13-15 жасқа дейін сейілмейді, сол аралықта ата-анасы баланы жақсыға бағыттаса жақсы азамат болып есейеді де, құлықсыз қараған жағдайда өмір жолы қиын адамдардың қатарын толтырады. Гипербелсенді бала алғыр және қиялы ұшқыр боп жетіледі. Олар бастауыш сыныпта-ақ шет тілін меңгереді, өнерімен таңдандырады. Бүгінгі күні еліміздегі барлық мектептерде арнайы психолог маман жұмыс істейді, олар атқаратын жобалар барысында мектепті шулатып, терезе сындырып жүрген гипербелсенді синдромы тән балалар да бар. Олар назар салу жетіспеушілігі синдромына ұшыраған балаларды қоғамға лайықтау жолына зер салып, ата-аналармен тығыз жұмыс жасауда. Заң қызметкерлері де «жасөспірімдер колониясының» қатарын толтыратындардың біршамасы гипербелсенді синдромы байқалған жеткіншектер екенін айтады. Осындай қауіпті жақтарын байқай тұра көптеген ата-аналар балаларының бойында гипербелсенділік синдромы бар дегенмен ешқашан келіспек емес.

- 1.2. Гиперактивті оқушылармен жүргізілетін тәрбие жұмыстары
- Егер де бала барлық ашуымен балаларға жүгірсе, біз оны құшақтап «қане екеуіміз дұрыс тыныс алып демімізді шығарайық» немесе 1 - ден 10 – ға дейін бірге санайық десеңіз, бала ашу - ызасын ұмытып тынышталады. Сонымен қатар гипер белсенді балалар бимен, ән шырқаумен айналысқан жөн.. Ата - аналарға ондай балаларды жүзуге жіберуге кеңес береміз. Егерде серуендеп жүргенде бала қозып кететін болма біз оны жеңіл жүгіріспен алдаймыз, «қане біз алаң ішінде жүгірейік» деп жүгіріс кезінде жүгіру түрлерін ауыстыруға болады. Жүгірістен кейін баланың шиеленіскен жүйкесі басылып тынышталады. Гипербелсенді балалар дизритммен қиналады, оларда тәулік биоритм әрең деген де анықталады. Олар нашар ұйықтап әрең оянады, оларды жанында отырып қолдарын ұстап иығынан сипап ұйықтату тиімді.

- 1. Ең алдымен ата - аналар мен педагог бірлесе отырып, балаға қатысты бірыңғай талаптар жүйесін жасақтап алғаны жөн.
- 2. Бұндай балалармен жұмсақ, сабырлы түрде сөйлесу керек. Тым белсенді бала жағымды да, жағымсыз да әсерге тез берілгіш. Сондықтан сіздің көңіл - күйіңізді тез қабылдап, тоқмейілсініп кетуі мүмкін.
- 3. Бұл балалардың іс - әрекетін өз бетімен жіберуге болмайды, өйткені тым белсенді балалар қалыптасқан жағдайды тез түсініп, үлкендерді өз айдауымен жүргізгісі келеді.
- 4. Ол балаларға үлкендердің мадақтауы мен ыстық ықыласы ауадай қажет. Алайда не нәрсені де тым әсерге берілмей сабырмен орындаңыз.
- 5. Тым белсенді балаларға нұсқау беріп тұруды әдетке айналдыру маңызды. Нұсқауларыңыз көп сөзден тұрмасын, әрі кеткенде 10 сөздің айналасында болсын. Балаға бірнеше нұсқауды бір уақытта бермеңіз: «бөлмеңе бар, ойыншықтарыңды жина, қолыңды жу да ас бөлмеге кел деу» дұрыс емес. Әр нұсқауды алдыңғы нұсқау орындалып болғаннан кейін берген жөн. Нұсқаулардың міндетті түрде орындалуын қадағалау қажет.

- 6. Басқа балалармен қарым - қатынас жасағандағы сияқты тым белсенді баланы тәрбиелеуде бірізділікті ұстану қажет. Тыйым сала бермеңіз, оларды мұқият ойластырып, балаға түсінікті түрде жеткізіңіз. Бала салынған тыйымды бұзса, оны қандай жаза күтіп тұратынын түсінуі тиіс.
- 7. Үлкендер баланың бұрыс әрекеттерін дұрыс жолға біртіндеп қайта қоя білуі тиіс. Мысалы, егер бала айқайлап жатса, жанына барып оның сүйікті әнін бастаңыз, ол қосылған кезде даусыңызды біртіндеп бәсеңдетіңіз. Балаға әрқашанда таңдауға бірнеше әрекет түрін ұсыныңыз.
- 8. Тым белсенді балаға бір нәрседен екінші нәрсеге көшу қиын. Сондықтан балаға басқа іспен айналысу қажеттігін алды - ала ескертіп қойған дұрыс. Егер бұл жағдайда сағаттың қоңырауын немесе ас үй таймерін қолдансаңыз, тіпті жақсы. Егер бала ата - анасының өтінішін орындаса, оны міндетті түрде ынталандыру қажет (міндетті түрде материалдық тұрғыдан емес).
- 9. Бұл балалардың шаршағаны тым көп қозғалып кеткенінен байқалады, оны біреулер баланың белсенділігіне балайды. Шаршап - шалдығу өзін - өзі бақылаудың төмендеуіне соқтырады. Сондықтан тым белсенді балалардың адамдар көп жүретін жерлерде болу уақытын шектеген абзал.
- 10. Тым белсенді баламен табысты әрекет ету үшін қажетті шарттардың бірі – күн тәртібін сақтау. Бүгін немен айналысатынын бала алдын - ала білгені жөн.
- 11. Баланы ынталандыру жүйесін жасақтап алған дұрыс. Мысалы, әрбір дұрыс әрі дер кезінде орындаған әрекеті үшін оған жетон ұсыныңыз, соңынан ол жетондар сый - сияпаттарға алмастырылады: серуенге бірінші жұппен шығу құқығы, түскі аз кезіндегі кезекшілік, бірге кітап оқу, осылайша баланың қызығушылығына қарай.
- 12. Міндетті түрде есте ұстайтын жайт, тым белсенді баламен сөйлескенде сабыр сақтау керек, өйткені ол балалар көңіл - күйдің өзгергенін бірден сезіп, үлкендерді өз дегеніне қарай ыңғайлауға бейім тұрады.

- II.Тәжірибелік
- 2.1Гиперактивті балаларға психологиялық көмек беру
- Осы жоба барысында гиперактивті балаларды анықтауға Шоқтыбай ауылындағы Жаңатұрмыс негізгі мектебіне барып, оқушылармен жұмыстандым.Оқушылармен түрлі тренингтер ұйымдастырып, ойындар ойнадық.
- Зерттеу барысында қолданылған әдістер-тәсілдер:тренингтер, релаксация, ертегі терапиясы, Лаврентьева Г. П. мен Титаренко Т. М "Баланың мазасыздану деңгейін анықтау"әдістемесін жүргіздім.
- Тренингтер
- 1.Жақсы, жаман қасиеттері
- Мақсаты: Оқушылардың біріншіден өздерін, екіншіден басқа адамдарды танып білу үшін болса, үшіншіден бойындағы жаман қасиеттерін жойып жақсы қасиеттерін асыру. Айнадағы өзіңіздің бейнеңізге қарап ойланыңыз.Маған қарап тұрған кім Ол қандай адам Сізге берілген парақтың оң жағына “жақсы”, сол жағына “жаман” қасиеттеріңізді тізіп жазыңыз. Ол үшін алдымен өзіңіздің бойыңызда қандай қасиеттер бар соны ойланып алып, екі бағанға бөліп жазасыздар.(3 минут уақыт беріледі) Қандай қасиеттеріңізді көп жаздыңыз Қайсысынан өзіңізді көбірек таптыңыз Осыған дейін осы жайлы ойланып көрдіңіз бе Бұдан былай жиі есіңізде түсіріп отырасыз ба Жаман қасиеттеріңізді өзгерткіңіз келеді ме Бұл жаттығуды сынып ұжымы арқылы да жасауға болады. Ұжымда Оқушыны тақта алдына шығарып, ұжымнан баланың алдымен жаман қасиеттерін, кейін жақсы қасиеттерін атап шығуларын өтінуі керек. - Оқушыдан ұжымның айтқанына келісетінін немесе неліктен келіспейтінін сұрау қажет. Осы жағдайдан кейін қандай шешім қабылдайтынын міндетті түрде сынып алдында сұрап алу қажет.



- 2. “Карусель” тренингі
- Мақсаты: Түрлі ситуациялық жағдайларда өзін-өзі дұрыс ұстауға тәрбиелеу. Топ мүшелері “Карусель” принципі бойынша, яғни бір-біріне қарап тұрады және екі шеңбер құрады: ішкі шеңбер қозғалыссыз, ал сыртқы шеңбер қозғалмалы болады. Ситуация мысалдары: Автобус ішінде сізге қарама-қайшы адам аяғыңызды басып қалды. Сіздің аяқ киіміңіз су жаңа еді. Сіздің әрекетіңіз..... Сізге қарсы тұрған мұғаліміңіз. Мұғалім сыныпта сіздің ғана сөйлеп отырғаныңызды байқайтын сияқты, тек сізге ғана дауыс көтереді. Ал сіз кешегі қызықты жайтты әңгімеңізді досыңыз сізден сұрап жатыр, сіздің әрекетіңіз..... Сынып жетекшіңіз сіздің тәртібіңіздің нашарлануына байланысты міндетті түрде ата-анаңызды мектепке келуін ескертіп айтты. Ал сіз тек кеше ғана ата-анаңыздан үлкен сөгіс естідіңіз. Одан кейінгі сіздің әрекетіңіз..... (Алдыңызда ата-ана, немесе сынып жетекшіңіз тұр.) Сіздің алдыңызда өзіңіз жақсы танитын, бірақ едәуір ұзақ уақыт бойы көрмеген адам тұр. Сіз бұл кездесуге қуаныштысыз..... Сіздің қарсы алдыңызда кішкентай бала тұр. Ол әлденеден шошынған. Оған жақындап барыңыз және оны жұбатыңыз. Сіздің алдыңызда таныс емес адам тұр. Онымен танысыңыз..... Байланыс орнатуға 3-4 минут уақыт беріледі. Содан соң жүргізуші белгі береді және тренингке қатысушылар келесі қатысушыға жылжиды.
- 3. “Пікір-талас” ойыны
- Мақсаты: Төзімділікке, дұрыс қарым-қатынас орнатуға үйрету. Топ “үштікке”, яғни, үш-үштен бөлінеді. Әрбір үштікке міндеттері бөлініп беріледі. Қатысушылардың Біріншісі “керең және мылқау” рөлін ойнайды: ол ештеңе естімейді, сөйлей алмайды, бірақ оның құзырында көру, ым-ишара, пантомимика бар; Екінші қатысушы “керең және сал” адамның рөлін ойнайды: ол сөйлей және көре алады; Үшіншісі: “соқыр және мылқау” Ол тек естуге және көрсетуге қабілетті. Барлық үштікке ұсынылатын тапсырма: кездесу орны, уақыты және мақсаты жайында келісу.
- 3. “Аяқталмаған сөйлем” әдістемесі
- Мақсаты: Оқушыларға мейірімділік пен қатыгездікті айыра білуге, адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу. Жетекші топ мүшелеріне арнап сұрақ даярлайды. Топқа аяқталмаған әдістемесі бойынша сөйлемді аяқтау тапсырылады. Топтың әрбір мүшесі ортадағы жәшіктен қағазды кезектесіп алады, онда жазылған ойды аяқтауы керек. “Жақсы қасиет” деп “Жаман қасиет” деп Адамдардың бойындағы қасиеттер..... Ақылсыз болу деп Ақылды болу үшін не істеу керек.....


- 6. “Ертегі терапиясы”
- 1-жаттығу: Мақсаты: Өзін-өзі тәрбиелеуді күшейту, өз ерік күшімен күрес. Оқушылар орындықта аяқтарын созып, отырады. 10-ға дейін санағанда балалар қимылдамай қатып қалуға тиіс. Содан кейін жайлап барып балалардың табандарынан қытықтаймыз. Балалар қатып қалған күйін сақтауы керек. Басқа қатардағы оқушылармен салыстырмалы түрде жарысады. Қай қатар өз-өздерін ұстай біледі екен. Күліп немесе қимылдаған оқушы қайта ойынды жүргізетін болады.
- 6. 2-Жаттығу Мақсаты: Өзін-өзі ұстай білуге үйрету. Қалам ұшымен белгілі әріпті ауада көрсетеміз. Сол әріпті анықтаған оқушылар шуламай, шапалақ ұрып жай сыбырлап айтуы, немесе белгілі бір жануарлардың дыбысын шығарады. Қатты дыбыс шығарған адам ойыннан шығады. Қайта ойнағанда оқушылардан біреуі жүргізуші болады.

- 8. Релаксация
- Мақсаты: Тәрбиесі гиперактивті баланы қызуқанды сәтінен айыру, босаңсыту. “Мен бақытты баламын”. Баяу сазды үнімен үшке дейін санап, гүл бағына саяхатқа баруды ұсынамын: - “Қараңдаршы, гүл бағында гүлдер қандай көп! Әсем, әдемі гүлдер жайқалып өсіп тұр. Гүлдерге қарап күн күлімдейді. Гүлдер күлтелерін ашып, күнге күлімдейді. - Қараңдаршы! Бақтағы сайраған құстың дауысы, сылдырап аққан судың дауысы естіледі. Бетімізге самал жел лебі еседі. Аңқыған гүлдердің хош иісі келіп тұр. Осы гүлдердің арасынан өздеріңе ұнаған гүлдерді теріп алып, ең жақын туысыңа, ең жақсы досыңа сыйла. Балалар өздеріне ұнаған гүлдерді атайды және өздерінің көңіл-күйлері жөнінде әңгімелейді.

- «Гипер...» – (грек. Hyper – үстінде) нормадан асып кетуді көрсететін, күрделі сөздердің құрамдас бөлігі. «Белсенді» сөзі латын тілінен аударғанда «activus», «әрекетті, әрекетшіл». Гипербелсенді мінез-құлық белгілері:
 - – мазасыз қимылдар;
 - – мақсатсыз қозғалысты белсенділік;
 - – артық сөзшеңдік;
 - – абайсыздық және ұстамсыздық;
 - – шыдамның жоқтығы;
 - – айналадағыларға қатысты мазасыздық.
- Гипербелсенділіктің туындауының негізгі себептерінің біріне мазасыздық жататын болғандықтан Г. П. Лаврентьева мен Т. М. Титаренконың әдістемесін қолдандым.

- Лаврентьева Г. П. мен Титаренко Т. М "Баланың мазасыздану деңгейін анықтау" әдістемесі
- Г.П Лаврентьева мен Т.М Титаренконың «Баланың мазасыздану деңгейін анықтауға арналған әдістемесі» баланың мазасыздық деңгейін алынған қорытындыларды салыстыру арқылы анықтауға арналған. Өрбір жағымды жауап 1 баллмен есептеледі.
- 1. Ұзақ уақыт бойы шаршамай жұмыс істей аласыз ба?
- 2. Бірнәрсеге баса назар аудару қиын
- 3. Кез келген тапсырма қажетсіз алаңдаушылық тудырады
- 4. Тапсырма орындау барысында мазасыздану болады
- 5. Басқаларға қарағанда жиі күдіктенесіз.
- 6. Жиі шиеленісті оқиғалар туралы айтасыз.
- 7. Бейтаныс жағдайға тап болғанда бетіңіз қызарады.
- 8. Қорқынышты түстер көремін деп шағымданасыз ба
- 9. Қолыңыз салқын әрі дымқыл.
- 10. У него нередко бывает расстройство стула.
- 11. Қобалжыған кезде терлейсіз.
- 12. Кейде тәбетіңіз болмайды.
- 13. Ұйықтаған кезде мазасыздану болады, ұйықтай алмайсыз
- 14. Көп нәрсе сіздің бойыңызға қорқыныш ұялатады.
- 15. Тез ренжисіз.
- 16. Көз жасыңызды тыя алмайсыз.
- 17. Күтуді ұнатпайсыз.
- 18. Жаңа істі бастауды ұнатпайсыз.
- 19. Өзіңізге, өзіңіздің күшіңізге сенбейсіз.
- 20. Қиын жағдайларға тап болуға қорқасыз.
- Жағымды жауаптар санын қосып мазасыздық деңгейін анықтаймыз
- Жоғары мазасыздану деңгейі — 15—20 балл
- Орташа — 7—14 балл
- Төмен — 1—6 балл.

Ряд 1



- Әдістеменің қорытындысы бойынша:
- Қатысқан адам саны:10
- 5оқушы :7-14 аралығындағы балл
- 3оқушы: 1—6 балл.
- 2оқушы: 15—20 балл
- Қорытынды:Әдістеме жүргізу барысында 2 оқушыда мазасыздық деңгейі жоғары екені анықталды.

- Қорытынды
- Гиперактивті балаларға өз пікірлерін ұсынушы ғалымдар баланың эмоционалдық ерік сфераларының қалыптасуына көп көңіл бөлумен бірге, нейродинамикалық бұзылулардың жеке сипаттамасына да ерекше назар аударды. Соған сәйкес гиперактивті балалардың сипаттамаларының негізін анықтап, яғни ол психикалық невроз түрінде анықтаған.
- Қазіргі таңда ең өзекті мәселелердің бірі– ол оқу процесіндегі балалардың гипербелсенділігі дефференциалды зерттеудің маңызы болып отыр. Гиперактивті балаларды оқыту мен тәрбиелеуде, олардың потенциалдық мүмкіндіктерін тиімді ескере отырып, бала бойындағы кемшіліктерді толықтай компенсациялауға және түзетуге болады.
- Диагностика жасағанда оқыту әдістерін қолдану керек. Мұнда тәжірибе кезінде баланы мадақтап, көмектессе, ол көмекті қабылдайды. Бұл жағдайда баланың потенциалдық мүмкіндіктері білінеді.
- Гипербелсенді балалардың танымдық қабілеттерін тексеруге, ең алдымен олардың эмоциясына назар аударған жөн. Бұл балалардың эмоциясы көбінесе өзгеріске ұшырап отырады. Бұл балалардың қалыпты балалардан ерекшелігін айтар болсақ, яғни олардың әлеуметтік ортаға бейімделуімен, мінез – құлықтарымен және іс — әрекеттерімен ерекшеленеді.
- . Гипербелсенді балалардың эмоционалдық – ерік сфераларының тұрақсыздығы, соның ішінде ойлау деңгейлерінің әлсіздігі, есте сақтаудың төмендігі, қабылдаудың тұтастығының болмауы, зейіннің шашыранқылығы сияқты белгілері анықталды.
- Оқу процесі мен әдістемені өткізу барысында, балалардың зейіндерінің шашыраңқы болатыны анықталды. Гипербелсенді балалардың танымдық қабілеттерін тексеруге ең алдымен олардың эмоциясына назар аударылды. Себебі, балалардың эмоциясы көп жағдайда өзгеріске ұшырап отырады.
-

- Пайдаланған әдебиеттер:
- 1.Қазақстан мектебі 2002 ж.№1
- 2.Мектептегі сыныптан тыс жұмыстары .2007 ж. №5
- 3. М.Жұмабаев «Педагогика»
- 4.Дүйсекенова А.К. Қиын балалар және олармен жұмыс істеу ерекшеліктері, 2003.
- 5. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика, Алматы, 2000.
- 6. Жолмұханова Б. Қиын оқушыны тәрбиелеу // Оқушы тәрбиесі №1, 2009.